



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Хайдеггердің экзистенциализмі





Жоғарыда аталған жағдайлардан екі жыл бұрын Гуссерльдің шәкірттерінің бірі философияға деген ықпалы осы екі кітаптан әлдеқайда елеулі болған еңбегін жария етті. Мартин Хайдеггердің (1889–1976) «Болмыс пен уақыт» шығармасы осы уақытқа дейін толыққанды философия болған жоқ деген пікірді алға тартты.

Мартин Хайдеггер – неміс философы, XX ғ. ең ұлы философтарының бірі.

Хайдеггер 1889 жылы 26 қыркүйекте Германияның қазіргі кезде Баден-Вюртемберг деп аталатын жерінде дүниеге келді. Ол иезуиттік училищені, гимназияны тәмамдап, Фрайбургтегі университетке оқуға түсті. Ол жерде Хайдеггер 1913 жылы докторлық диссертациясын қорғап шықты. 1920 жылы Хайдеггер Гуссерльдің көмекшісі болды. Үш жылдан соң ол Марбург университетінің профессоры атағын алды, ал бес жылдан кейін Гуссерль Мартинді Фрайбургтегі философия кафедрасындағы өзінің келешек орнын басушы деп атады. Оқытушылық мансабының шыңына жеткен соң, көп ұзамай, Хайдеггер өз бетімен қызметінен кетуге мәжбүр болды. Соғыстан соң ол өте оқшауланған өмір салтын ұстанды, бірақ кейінірек оқытушылық қызметіне қайта оралып, 1957 жылға дейін дәріс оқи бастады. Хайдеггер 1976 жылдың 26 мамырында Мескирхте дүниеден озды.

Ол сананың мәліметтерін зерттемек болды, бірақ осы ізденістің барысында ой-санадан туындаған элементтерді емес, бұрынғы философиядан мұра болып қалған «субъект», «объект», «іс-әрекет» және «мазмұн» сияқты ұғымдарды қолданды. Ең бастысы, Гуссерль Декарттың сана мен шындықтың екі өзара байланысты/корреляциялық саласын қамтитын жүйесін қабыл алды. Алайда Хайдеггердің пікірінше, феноменологияның бірінші міндеті – сана мен шындықтың арасы ажырап кетпей тұрғандағы Болмыстың (Sein) концепциясын зерттеп тану. Осы екі қарама-қарсы нәрселерді ажыратуға бастайтын тәжірибе – зерттеуді бірінші кезекте талап ететін феномен.

Философияның түпкі болмысын түсініп, зерттеудің бастапқы нүктесі ретінде сананы емес, Болмысты алу үшін біз Декартқа оралуымыз тиіс. Бірақ Хайдеггер мұны Платон мен Аристотельдің жасанды қисындылық элементі бар категорияларына қайта оралу үшін жеткіліксіз екендігін ескертеді. Сократқа дейінгі ойшылдар феноменалист үшін ең үздік үлгі болуға лайық, себебі олар кәсіби философиялық сөздік пен одан туындайтын алғышарттардың қалыптасуын күні ілгері болжап қояды. Хайдеггер өз алдына еш бүркеусіз, адасусыз, ашық философиялық ой қозғауға жол ашатын таза сөздік құруды міндет қояды.

Ренé Декарт – француз философы, математик, механик, физик және физиолог, аналитикалық геометрияны және қазіргі алгебраның символдық жүйесін құраушы.

Хайдеггердің енгізген неологизмдерінің ең маңыздысы – Болмыс (Dasein). Болмыс дегеніміз – философиялық сауалдарды қоюға лайықты дүние, Хайдеггер Болмыс мәселесін тарқатқан кезде, ол бастапқыда Декарттың эгосына ұқсас сияқты болып көрінеді. Бірақ Декраттың эгосы түпкі мағынасында ойлаушы нәрсе, ойлау Хайдеггер Болмысының көрініс табуының ең негізгі емес, оны құратын амалдарының бірі ғана болып табылады.

Ойшыл ретінде Хайдеггерді, ең алдымен, күнделікті өмір сүрудің формалары немесе оның сөзімен айтқанда, «әлемде болудың» жолдары қызықтырды. Ол қазіргі ғылымның дамуының кейбір беталыстарына қатысты Гуссерльдің скептикалық көзқарасын құптады, бұл, әсіресе, математикалық білімнің таза формалды, сандық қырларының артып бара жатқанына және олардың өздерінен тым алыс жатқан әлеуметтік ғылымдар сияқты зерттеу салаларына қосымшалар жасақтауына күмәнмен қарады. Хайдеггердің ойынша, қазіргі ғылыми ойлау жүйесі адами субъект болу мен физикалық объектілерге тән болмыс амалы арасындағы айырмашылықты байқамайды деген ойда болды. «Ғылыми ойлау жүйесі қазіргі кезде болмыс құру ұғымының өзін, бар болудың түпкі мағынасын ескермейді», – деді ол.

Эдмунд Густав Альбрехт Гуссерль – неміс философы, феноменологияның негізін қалаушы.

«Болмыс және уақыт» туындысында Хайдеггер болмыстың мән-мағынасын зерттеп, болмыстың көрініс табатын формаларын сипаттауды ұсынды, – ол бұл мақсатты «фундаменталды онтология» деп атады. Оның пікірінше, мұндағы бастапқы нүкте болмыс феноменінің бізге ең жақын түрін – адамның болмысын сипаттау. Бірақ Гуссерль мұндай сипаттауды тек таза ақылдың рефлексиялық деңгейінде жүзеге асуы тиіс деп санаса, Хайдеггердің ойынша, адами болмыс құру оның өзі сөйлейтін, ойлайтын және әрекет ететін әлеуметтік-тарихи



әлеммен нақты қатынастары арқылы талдануы тиіс. Адами субъект – «осында», ол «бар», ол оған дейінгі бар болған әлемге «тасталған». Хайдеггер адамның осы «әлемде болуының» заттарды инструменталды қолдану, әлемді түсіну және түсіндіруге талпыну, адамдардың тілді пайдалануы, «басқаның» бар екенін түсініп, басқаларға қамқорлық жасау, сондай-ақ, көңіл-күйлер мен бейімділіктер сияқты бірінші кезекті амалдарын талдап шықты. Адами болмыстың осындай бірнеше амалы объектілердің бар болуынан айтарлықтай өзгеше, яғни адами болмыс адамның осы әлеммен шынайы және практикалық қарым-қатынастары контексіне қарай түсіндіріледі. Өкінішке орай, адам күнделікті күйбең тіршілікке барған сайын «батып барады» да, өз болмысының шынайы мәнін ұмытуда. Ол өзінің «шынайылық» сезімін жоғалтып, орташа тіршілік құруға, әлемдегі болмыс құрудың «толыққанды емес» амалдарына беріліп кетуде. Адам барған сайын «оларға» айналып барады, яғни «тұлғасы жоқ, белгісіз» тобырға қосылып алып, оның құндылықтарын қабылдайды да, оның мінез-құлқы мен ойлау амалдарын өз бойына сіңіріп алады. Дегенмен өзінің терең, жеке тұлғалық тәжірибесіне арқа сүйей отырып, адам өзінің шынайы болмысына қайта ие бола алады. Мысалы, алаңдаушылық өмір мен қарым-қатынастардың бастапқы жүйелерін қиратып, адамды «жалғыздыққа» жетелейді. Ал жеке тұлғасы жойылып кеткен адамдар бұдан әрі басқалардан басым бола алмайды, себебі олар басқа адамдарға ыңғайлылық пен алаңсыз тіршілік ету сезімін бермейді. Хайдеггер мен экзистенциалистер үшін алаңдаушылық сезімі адамды оны тұншықтыратын конформизмнен босатып, оның өз болмысы үшін жауап бере алатын және нақты әрекеттерге қабілетті жеке тұлғаның өмір сүру үлгісін ашып көрсетеді. Хайдеггер адами болмыс құрудың аяқталатын, шекті үдеріс екендігін сызып көрсетеді. Кез келген тәжірибенің сипаты уақытша болғандықтан, адам оның бітетін кезі туралы, болмысты өлімді алдын ала сезу арқылы ұғынуға себептеседі. Хайдеггер үнемі осы әлем мен «басқаның» зерттеуге тиесілі басты мәселелері адам болмысын түсіну үшін аса маңызды сала ретінде қарастырды. Бірақ оның кейінгі еңбектері жеке тұлғалық субъективтілік мәселесінен бұрын, дәстүрлі метафизиканың проблемаларына көбірек арналады. 1930 жылы жарияланған «Метафизика дегеніміз не?» және 1953 жылы жарық көрген «Метафизикаға кіріспе» деген еңбегінде ол болмыс ұғымының тарихи және философиялық түп-тамырын және олардың табиғатты заманауи «технологиялық» интерпретацияға деген әсерін саралайды. 1937 жылғы «Гельдерлин және поэзияның мәні», 1937 «Гельдерлин поэзиясына түсіндірме», 1959 «Қол үзушілік» және 1959 жылғы «Тілге апарар жол» сияқты тіл мен әдебиетке арналған тапқыр еңбектерінде Хайдеггер адамның ұмтылыстары, белгілі бір кезеңге қатысты тарихи дәстүрлері мен түсіндірмелері ойшылдың немесе ақынның дүниетанымы арқылы қалайша көрініс табатынын байқатады. Жалпы ойлаудың өзі бар нәрсені разылықпен қабылдау болып табылады.

Тұжырымдамалар мен пайымдарды әлем проблемаларын шешуге арналған құралдар ретінде қарастыруға болады. Бірақ тікелей мағынада құрал болып табылатын қарапайым құралдар да бар. Ұста бұл әлемге балғасының көмегімен ықпал етеді. Оған осы балғаны жақсы қолдану үшін балға туралы ойлаудың қажеті жоқ; керісінше, балға туралы тым көп ойлау оған өз ісімен беріле айналысуға кедергі жасайды, себебі оның шынайы әлеммен нағыз өзара әрекеттесуі балға арқылы емес, осы жоба арқылы іске асырылады. Бар нәрсе мен әлі дайын болмаған нәрсе арасындағы айырмашылық біздің кеңістіктік әлемді құрауымыздың негізінде жатыр.

Болмыс биологиялық, әлеуметтік және мәдени контекстінде қызмет ететініне қарамастан, адамның жеке тұлғасының іс-әрекетіне бастау болатын адами табиғат деген ұғым жоқ. «Болмыстың мәні, – дейді Хайдеггер, – бұл оның бар болуы». Осыны айта келе, ол философияның «экзистенциализм» атты бағытының әкесіне айналды. Бұл дүниетанымдық ұстаным адамдар жай ғана бір түрдің мүшелері ғана емес және оларды анықтайтын универсалды заңдар жоқ екендігін баса айтады. Шын мәнінде, мен – өзімді еркін түрде қалай қабылдасам – сол тұлғамын. Мұндай таңдаудың негізсіз болуы алаңдаушылыққа жетелейді, сондықтан мен келісуге де мәжбүр боламын. Бірақ бұл шынайы, ақиқат шешім емес, бұл менің өз болмысыма қатысты сатқындық жасау. Шынайы болу үшін, мен өз өміріме қатысты өзімнің жасайтын таңдауымда адам табиғаты да, Құдайдың әмірі де себеп болады деуге еш негіз жоқ екендігін және мұндай оймен жасалған таңдау менің өміріме ешқандай трансцендентті мағына бермейтінін толығымен, түбегейлі түсінгенім жөн.



«Болмыс пен уақыт» – оқығанға айтарлықтай қиын еңбек және өзінің ойлары түсінгенге қолайлы болсын дейтін кез келген аудармашы бұл кітапты аударғанда Хайдеггердің өзінің стилінен мүлде өзгеше стильді ұстануы тиіс болады. Хайдеггердің өзіндік бір күрделі сөздігі оның осы жобасы үшін маңызды болды ма, әлде бұл тек әдеттегі менменшілдіктің бір орынсыз көрінісі ғана ма – бұл даулы мәселе. Бірақ оның шығармашылығы тек ерекше ғана болып қойған жоқ, өте маңызды да болғаны – еш күмән тудырмайды. Хайдеггердің ең бірбеткей қарсыластарының бірі – Гилберт Райл еді. Ол Хайдеггердің туындыларын оқып біткенде өз бойынан «адам жанының түпкі үдерістерін феноменологиялық талдауынан» алған тамсанудан басқа еш сезімі болмағанын мойындады.

Феноменологиялық еңбек ретінде Хайдеггердің «Болмыс пен уақыты» феноменологияның негізін қалаушы Гуссерльдің кез келген жұмысынан әлдеқайда ықпалды болды. Шәкірт пен ұстаз арасындағы байланыс жақсы болып тынған жоқ. 1929 жылы Хайдеггер Фрайбург университетіндегі философия профессоры лауазымында Гуссерльдің орнын басты, ал 1933 жылы сол университеттің ректоры атанды. Сол жылдың мамырында айтқан инаугурациялық сөзінде Хайдеггер нацизмді неміс халқын өзінің тарихи рухани борышын орындаудың құралы ретінде қолдайтынын ашық айтты. Оның ректор қызметіндегі ең алғаш жасаған бұйрықтарының бірі – Университет кітапханасынан барлық еврей оқытушылардың еңбектерін алып тастау болды, соның ішінде әлде де бес жыл өмір сүретін Құрметті профессор Гуссерль бар еді.

1933–1934 жылдар Хайдеггердің өзіне бұрын түсініксіз болып көрінген нәрселерді ұғынуға көмектескен кез болды. Егер Хайдеггер осыған дейін университеттік реформаны іске асыруға, өзінің қалыптасып жатқан философиялық ықпалына қатысты өзіндік бір дербестік бар деп үміттенген болса, көп ұзамай оның бұл үміті үзілді. Оның бәсекелестері Хайдеггердің ресми нацистік идеология аспанындағы жұлдызы жарқырап жануға барынша кедергі келтіріп, әрекет етті. Нацистердің билік үшін талас-тартысы, национал-социалистік саясатқа тәуелді болудан шаршаған Хайдеггердің басын алып қашып, біраз уақыт өзін оқшау ұстауына көмектесті. Бұл ойшылдың аман қалуына мүмкіндік берді. Бірақ Хайдеггер нацистік партияның құрамынан шығып кеткен жоқ, 1945 жылға дейін ол мүшелік жарнаны төлеп келді. Себебі ол дәуірде партия құрамынан шығу дегеніміз – өмірмен қош айтысу деген сөз еді.

Ректор болған шағы – национал-социалистік күйбең тіршіліктің кезі, бұл кезде Хайдеггер ешқандай философиялық еңбек жазған жоқ. Ал 1935 жылдан 1945 жылға дейінгі аралықта оның философиялық ой-толғаныстары жалғасын тапты. Бұл кезде Хайдеггердің басты назары философиялық ой мен мәдениет тарихына ауды.

Соғыстан соң Хайдеггер Гитлерге қолдау көрсеткені үшін өкінетінін айтуға мәжбүр болды да, 1945 жылдан 1950 жылға дейін университетте сабақ беру құқынан айрылды. Дегенмен оның ойлары өзі дүниеден өткен 1976 жылға дейін де, одан кейін де ықпалды болып қала берді.

1950 жылдардан кейінгі шығармашылығында Хайдеггер тіл мәселесіне барынша назар аударады. Ол тілдің жетіліп-кемелдеуіндегі тарихи алуан ықпалдарды анықтап, метафизикалық жалаңдықтан сақтану ыңғайын қарастырды. Оның «Тіл – болмыстың үйі» дейтін әйгілі нақылы әлемде кең тараған философиялық тіркестердің бірі болып есептеледі.

Хайдеггер адамды дүниенің орталық тұлғасы деп есептемейді, ол төрткіл дүниемен байланыстар тізбегінде тұрған буын деп есептейді. Адам осынау төрткіл дүниедегі уақыттық байыздаушы қонақ ретінде жер шарын тізгіндеуге берілмей, оны аялауға мән беруі керек.

Хайдеггер өз философиясын болмысты зерттеу деп сипаттайды. Философтар, әдетте, Мартин Хайдеггерді экзистенциалист санайды, бірақ оның өзі бұл байланысты жоққа шығаратын. Ол үшін жеке тұлғалық тіршілік емес, болмыстың өзі ерекше қызық нәрсе. Оның жұмысы «нәрселердің болмыс құруын» білдіретін қызықты бір фактінің негізінде жатқан мәнді іздеуге бағытталған. Оның осындай ізденісінің жүзеге асырылуы Кьеркегор мен ұстазы – Эдмунд Гуссерльдің арқасы.

Өз кезегінде Хайдеггер ұлы философ Сартрға айтарлықтай ықпал етті. Хайдеггер «болмыс» терминін адамның өмір сүру амалын сипаттау үшін қолданады. Оның пікірінше, адам өмірінің басқа тіршілік иелерінен өзгешелігі – оның өз-өзін қабылдап, ұғынып, осы болмыс жайында ойлануға қабілеттілігі.

Жан-Поль Шарль Эмэр Сартр – француз философы, атеистік экзистенциализмнің өкілі, жазушы, драматург, эссеист, педагог.



Хайдеггер адам өмірінің мәнін талдай отырып, оның басты мақсаты – өз болмысын ұғыну деген шешімге келеді. Оның бұл жолдағы әдісі – феноменология. Хайдеггердің мақсаты – тікелей тәжірибенің мәліметтерін ешбір ұйымдастырушылық ұғымдарына жүгінбей, таза болмысында көрсетіп, суреттеу. Феноменологиялық ұстаным тұрғысынан әлем дегеніміз – біздің өмір сүріп отырған күйіміз, ол біздің өмірімізді құрылымдайды. Біздің адами шындық немесе тіршілік ету амалдары – өмірімізді сүрудің сан алуан түрі. Демек, өмір дегеніміз – «бірдеңе істеу, бірдеңені жасау, бірдеңеге назар салу, бірдеңені бақылау, бірдеңені қолдану, бірдеңеден бас тарту және бірдеңенің іске асуына мүмкіндік беру және т.б.» білдіреді.